

## Төтенше жағдайларды жоюға тасымалдаушыларды тарту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 532 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 шілдеде № 11793 болып тіркелді.

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Төтенше жағдайларды жоюға тасымалдаушыларды тарту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 23 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов

2015 жылғы 16 мамыр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 8 мамыр

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 532 бұйрығымен  
бекітілген

## **Төтенше жағдайларды жоюға тасымалдаушыларды тарту қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Төтенше жағдайларды жоюға тасымалдаушыларды тарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-15) тармақшасын іске асыру мақсатында әзірленді және автомобильмен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту тәртібін айқындайды.

### **2. Төтенше жағдайларды жоюға тасымалдаушыларды тарту тәртібі**

2. Төтенше жағдайларды жоюға автомобильмен тасымалдаушыларды тарту төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды көліктік қамтамасыз етуді жедел ұйымдастыру мақсатында жүзеге асырылады.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ төтенше жағдайды енгізу кезінде төтенше жағдайларды жоюға байланысты жұмыстарды орындауға автомобильмен тасымалдаушыларды тартуды орталық атқарушы және жергілікті атқарушы органдармен (бұдан әрі – тапсырыс беруші) "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайларды жою жөніндегі бекітілген іс-қимылдар жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Төтенше жағдайларды жоюға автомобильмен тасымалдаушыларды тарту үшін тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексімен (Ерекше бөлім), Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексімен (Жалпы бөлім) белгіленген тәртіпте жасалған

шарттар шеңберінде Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларына сәйкес автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға арналған өтінімді жасайды және оны тасымалдаушыларға жібереді.

5. Өтінімде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес, нысан бойынша тапсырыс беруші мыналарды:

- 1) автомобиль тасымалының түрін;
- 2) пайдаланылатын автокөлік құралдарының типтерін;
- 3) тасымалдардың сипаты мен ерекшеліктерін;
- 4) жүк жөнелтушінің атауын;
- 5) жүк алушының атауын;
- 6) тиеу (отырғызу) пункттерінің атауын;
- 7) түсіру (шығару) пункттерінің атауын;
- 8) автокөлік құралдарын тиеу (отырғызу) пунктіне беру күні мен уақытын;

9) тапсырыс берушінің автокөлік құралдарын пайдалануының жалпы уақытын көрсетеді.

6. Төтенше жағдайларды жою үшін автокөлік құралдарын жіберетін тапсырыс берушілер жүргізушілерді төтенше жағдайлардың сипаты мен ауқымына қарай адамдардың өмірі мен денсаулығын, табиғатты және мәдени құндылықтарды қорғауды, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша жеке қорғаныс құралдарымен, арнайы жабдықтармен, құралдармен және аспаптармен қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Тапсырыс беруші автокөлік құралдарын тиеу (отырғызу) және түсіру (түсіру) орындарына кедергісіз жылжытуды және автокөлік құралдарын күзетуді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы жол парағын қағаз тасығышта немесе электрондық-цифрлық құжат нысанында ресімдейді.

Жол парағын қағаз тасығышта ресімдеу кезінде тасымалдаушы оны көлік құжаттарын басқарудың Бірыңғай жүйесінде тіркеуді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларға қатысқан автокөлік құралдарын олардың тұрақты орналасқан жерлеріне қайтаруды автомобиль тасымалдаушылары жүзеге асырады.

Автокөлік құралдарын одан әрі пайдалану мүмкін болмайтын немесе осы автокөлік құралдарын басқаратын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін форс-мажорлық мән-жайлар кезінде олардың тұрақты орналасқан жерлеріне қайтарылуы қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Адамдарды құтқару үшін және аса қажет болған жағдайда төтенше жағдайлар аймағындағы автокөлік құралдарын пайдалану тәртібі "Адамдарды құтқару үшін және аса қажет болған жағдайда төтенше жағдайлар аймағындағы ұйымдардың байланыс, көлік құралдарын, мүлкі мен өзге де материалдық құралдарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 22 қазандағы № 1126 қаулысына сәйкес айқындалады.

Автокөлік құралдарын төтенше жағдайлар кезінде пайдалану тәртібі "Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай аймағына бару үшін, сондай-ақ егер кідірту адамдардың өміріне немесе денсаулығына нақты қатер төндіруі мүмкін болса, шұғыл медициналық көмекке мұқтаж адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, меншік иелеріне материалдық залал келтірілген жағдайда оны өтей отырып, көлікті (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа) пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 1357 қаулысына сәйкес айқындалады.

### **3. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды орындауға байланысты шығындарды өтеу**

11. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды орындауға байланысты шығындарды өтеу Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар резервінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды орындауға байланысты шығындарды өтеу көліктік жұмыстардың нақты орындалған көлемін және автокөлік құралдарының нақты пайдаланылған уақытын есепке ала отырып, Бюджет кодексіне сәйкес төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Төтенше жағдайларды жоюға  
тасымалдаушыларды тарту  
қағидаларына қосымша

Нысан

**Төтенше жағдайларды жоюға тасымалдаушыларды тартуға арналған өтінім**

№	Ұстанымның атауы	Мазмұны
1.	Автомобиль тасымалының түрі	
2.	Пайдаланылатын автокөлік құралдарының типтері	
3.	Тасымалдардың сипаты және ерекшеліктері	
4.	Жүк жөнелтушінің атауы	
5.	Жүк алушының атауы	
6.	Тиеу (отырғызу) пункттерінің атауы	
7.	Түсіру (шығару) пункттерінің атауы	
8.	Автокөлік құралдарын алғашқы тиеу (отырғызу) пунктіне беру күні мен уақыты	
9.	Тапсырыс берушінің автокөлік құралдарын пайдалануының жалпы уақыты	

**Төтенше жағдайларды жою**

**басшысы** \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК